

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" акционерлік қоғамына қатты пайдалы қазбаларды барлау үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 14 мамырдағы № 156 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Қазақстан Республикасының "Жер Кодексінің" 17 бабының 1-1 тармақшасына және 69 бабының 4 -тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" № 148 Заңының 31, 37 баптарына және 03 ақпан 2025 жылғы №30-Д сенімхат негізінде "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" акционерлік қоғамының бас директоры К.Омарбековтың атынан әрекет етуші "Волковгеология" АҚ-ның басқарма төрағасы Е.Л.Ташимовтың 11.02.2025 жылғы №15-05/0333-25 санды хатына және "Волковгеология" АҚ-ның №5 геологиялық барлау экспедициясының директоры Қ.Ә.Бекишовтың е-өтініш порталы арқылы жазған 10 сәуір 2025 жылғы №3Т-2025-01171374 санды хатына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" акционерлік қоғамына Созақ ауданы аумағынан қатты пайдалы қазбаларды барлау үшін барлығы-29440,7 гектар жер участкесін ұзақ мерзімді уақытша пайдалану құқығымен 6 жылға дейін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" акционерлік қоғамына қатты пайдалы қазбаларды барлау жұмыстары аяқталғаннан кейін бұзылған жерді қалпына келтіру жұмыстарын бір ай мерзімінен кешіктірілмей жүргізуге және қоршаған органды қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды сақтай отырып жүргізуді қамтамасыз етілсін.

3. "Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Түркістан облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін оның Созақ ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етісін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК